

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидия нормативтері мен көлемдерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 139 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 341 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда № 5338 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 14813) бұйрығын іске асыру мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 3-1-9/33936 хатының негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидия нормативтері мен көлемдерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 139 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 5077, 2017 жылғы 21 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2017 жылғы 4 шілдеде № 76 (17471) "Дидар", 2017 жылғы 4 шілдеде № 76 (19983) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыс әкімі аппараты, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуін;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 341 қаулысына қосымша
Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2017 жылғы 6 маусымдағы
№ 139 қаулысына қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидиялардың нормативтері мен көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Республикалық бюджет		Жергілікті бюджет	
				Субсидияланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге
Етті мал шаруашылығы							
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу						
1.1	Тауарлы аналық бас						
1)	Базалық норматив	бас	10 000	0	0	151 416	1 514 160
	Қосымша норматив:						
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	8 000	0	0	79 775	638 200

	60 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	6 000	0	0	9 616	57 696
1.2 Асыл тұқымды аналық бас							
1)	Базалық норматив	бас	10 000	0	0	31 049	310 490
	Қосымша норматив:						
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	20 000	0	0	18 397	367 940
	70 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	15 000	0	0	627	9 405
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	3 000	450 000	5 551	832 687
3. Бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату							
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	бас	45 000	0	0	0	0
2)	нақты бордақыланғаны 1 500 бастан бастап	бас	30 000	0	0	613	18 390
3)	нақты бордақыланғаны 1 000 бастан бастап	бас	25 000	0	0	975	24 375
4)	нақты бордақыланғаны 100 бастан бастап	бас	20 000	0	0	993	19 860
5)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	бас	20 000	0	0	0	0
	Барлығы:				450 000		3 793 203
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы							
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу							
1.1 Асыл тұқымды аналық бас							
1)	Базалық норматив	бас	10 000	0	0	15 316	153 160
	Қосымша норматив:						
2)	70 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	20 000	0	0	6 240	124 800
	60 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	15 000	0	0	1 439	21 585
2. Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу							
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	0	0	103	17 515
	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал						

2)	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	150 000	0	0	116	17 400
3. Сүт өндірудің құнын арзандату							
1)	жемдік мал басы 400 бастан басталатын шаруашылықтар	кг	25	0	0	37 860 952	946 524
2)	жемдік мал басы 50 бастан басталатын шаруашылықтар	кг	15	0	0	16 985 831	254 788
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	кг	10	0	0	761 208	7 612
Барлығы:					0		1 543 384
Мал шаруашылығы							
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	3 000	0	0	0	0
2.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	0	0	22	2 200
Барлығы:					0		2 200
Етті бағыттағы құс шаруашылығы							
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	600	48 971	29 383	90 000	54 000
2. Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату							
1)	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	кг	80	6 566 455	525 316	4 318 750	345 500
2)	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	кг	60	5 981 167	358 870	4 040 263	242 416

3)	Нақты өндірісі 20 тоннадан басталатын құс (суда жүзетін құс және бройлер) етін өндіру құнын арзандату	кг	40	0	0	0	0
	Барлығы:				913 569		641 916
Шошқа шаруашылығы							
1. Шошқа етін өндіру құнын арзандату							
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	кг	100	0	0	1 351 395	135 139
	Барлығы:				0		135 139
Қой шаруашылығы							
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	900	0	0	0	0
2. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу							
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	0	0	69 964	174 910
2)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	0	0	124 839	187 258
3. Асыл тұқымды қойлар сатып алу							
1)	тұсақтар	бас	8 000	0	0	5 201	41 608
2)	тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	0	0	3 786	75 722
3)	асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарға арналған тұқымдық қошқарлар	бас	30 000	0	0	0	0
4.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	бас	1 500	0	0	139	208
5. Қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату							
1)	сапасы 60-тан басталатын жүн	кг	150	0	0	11 433	1 715
2)	сапасы 50-ден басталатын жүн	кг	100	0	0	2 090	209
	Барлығы:				0		481 630
Жылқы шаруашылығы							
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	0	0	144	14 363

2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	0	0	273	10 920
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өндеу құнын арзандату	кг	60	0	0	2 560 298	153 618
4.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	кг	92	0	0	55 863	5 139
Барлығы:					0		184 040
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)							
1.	Аналық баспен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	41 000	0	0	2 435	99 835
Барлығы:					0		99 835
Бал ара шаруашылығы							
1.	Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бал ара ұясы	9 918	0	0	12 894	127 883
Барлығы:					0		127 883
Азық өндіру							
1.	Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрама жем зауыттары өткізген құрама жем құнын арзандату	тонна	20 000	0	0	1 719	34 380
2.	Ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына арналған шығындар құнын 50 %-ға дейін арзандату				0		382 650
Сүтті мал шаруашылығы							
1)	шаруашылықта табын бойынша (өткен жылдың нәтижелері) орташа сүт сауылуы 6500 кг-нан аз емес	бас	75 000	0	0	2 448	183 600
2)	шаруашылықта табын бойынша (өткен жылдың	бас	50 000	0	0		199 050

нәтижелері) орташа сүт сауылуы 4500 кг-нан аз емес					3 981	
Барлығы:				0		417 030
Барлық сомасы:				1 363 569		7 426 260

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК